

**ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ ЖАЙЛЫ
ЖАЗЫЛҒАН МАҚАЛАЛАР ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ МЕН
АВТОРЛАРЫ**

Орындаған: Утеғалиева. Г. А

Тексерген: Саржанова. С. С

АЛҒАШҚЫ ХАБАР

Қазақ жастарының Алматыдағы жиыны туралы 1986 жылы 18 желтоқсанда «ТАСС» ақпарат агенттігі қысқаша хабар берді. Бұл ақпарат келесі күні «Казахстанская правда» газетінде, ал тағы бір күннен соң «Ленинская смена» газетінде жарияланды.

«Кеше кешке және бүгін күндіз Алматыда ұлтшыл элементтердің азғыруына бой алдырған бір топ студенттер Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің соңғы пленумының шешімін қолдамайтындарын білдіріп көшеге шықты. Қалыптасқан жағдайды бұзақылар, арамтамақтар мен өзге де жат пиғылды адамдар пайдаланып, тәртіп сақтау органдарының өкілдеріне қарсы заңсыз әрекеттер жасады, азық-түлік дүкендері мен көліктерді өртеп, қала тұрғындарының ар-ожданын қорлайтын іс-қимылдарға барды», – дейді «Алматыдан хабар» деп аталатын ТАСС-тың шағын ақпараты.

Бұл хабарға дейін республикалық екі ірі газет - «Казахстанская правда» мен «Ленинская смена» 17-18 желтоқсандағы қазақ жастарының шеруі туралы ләм-мим деген жоқ. Алайда көп ұзамай-ақ қарсылық акциясына қатысқандарды барынша қатаң жазалауға шақырған ұрдажық мақалалар жарық көре бастады. Жастардың бұл шеруін советтік баспасөз «зиянды, теріс әрекет», «ұлтшылдықтың көрінісі» және «жаппай тәртіпсіздік» ретінде баса көрсетті.



Брежнев атындағы алаңға шыққан қазақтың бойжеткенін милиция мен әскерилер ұстап әкетіп барады. Желтоқсан, 1986 жыл. (Болатбек Төлепбергеннің «Біз білмейтін желтоқсан» кітабындағы сурет).

«Казахстанская правда» да, «Ленинская смена» да біршама уақыт өткен соң шеруге шыққандардың ісін қараған коммунистер мен комсомолдардың партиялық жиындары туралы жалынды есеп бере бастады. Советтік саясатқа қарсы митингіге қатысқаны үшін оқудан да, комсомол қатарынан да шығарылған жастарды мақала авторлары жерден алып, жерге салды.

Сондай мақалалардың бірі «Ленинская смена» газетінің жас тілшісі Евгения Доцуктың атынан жарық көрді. Ол 1986 жылы 22 желтоқсанда жарияланған «На мутной волне» деп аталатын мақаласында Желтоқсан оқиғасына қатысқан кейбір студенттерді комсомол қатарынан шығарған Алматы энергетика институты комсомол комитетінің отырысы туралы баяндайды. Тілшінің сөзіне қарағанда, институттағы екі жарым мың комсомолдың 25-і 1986 жылы 17-18 желтоқсанда Алматы алаңында болған.

«Электротехника факультетінің комсомол комитеті хатшысының орынбасары Болат Шәкіровтің олар жайында айтқаны зығырданды қайнады. Ол бірнеше сағат бойы кезекшілікте тұрған еді. Сондай кезде жаныңда коммунистік идеалдарға шын берілген өзің сияқты адамдардың болғаны қандай жақсы екенін жан-жүрегімен сезінді. Мұндай жолдастардың арасында Константин Някшев, Гүлнәр Биғозина, Олег Васильевтер бар болатын. Желіккен жастарға қарсы жалғыз өзі шыққан электротехникалық факультеттің комсомол хатшысы Нұрлыбек Шопановқа да оңай болған жоқ. Оларды қисынсыз, жөнсіз әрекеттен қайтарататын сөзді де таба білу керек еді», – деп жазады Евгения Доцук

Ол сондай-ақ комсомол комитетінің хатшысы Ерлан Әбдірахмановты та айта кетеді. Автордың жазуына қарағанда, Ерлан Әбдірахманов сол күндері жедел штабты басқарып, кейіннен Сырлыбаева мен Шаймерденова деген студенттердің жеке істерін қарауға қатысқан.

«Олар қорыққанынан әртүрлі желеулерді ойлап таба бастады. Олардың әр сөзін тексеруге бірнеше сағат кетті. Әңгімелесу барысында ой-өрістері таяз, білімдерінің өте төмен екендігі аңғарылды. Осы тұрғыдан келгенде, мұндай білімсіз студенттер институтқа қалай түскен деген сауал туды. Энергетика институтында баяғыдан бар деп жүрген парақорлықтың бұл да бір салдары емес пе екен?» – деп жазады Евгения Доцук.

Айта кетерлік жайт, қазақстандық жоғары оқу орындарына студенттер қабылдау процесі 1987 жылы 24 қаңтарда «Известия» газетінде жарық көрген «Өрмекшінің торы» («Паутина») деп аталатын аты-шулы талқандағыш мақалада да қатты сыналды. Мақала авторы Щепоткин оқу орындарын жайлап алған жемқорлықты, жершілдік пен тамыр-таныстықты өрмекшінің торына теңеді.

Евгения Доцук Сырлыбаева мен Шаймерденованың комсомол қатарынан шығарылғанын жазады. «Мен оларды бірнеше күн бұрын қала көшелерінде көрген едім. Сөйтсек ұлтшылдықты ұрандатып жүрген бұл адамдар өздерінің не істеп жүргенін де толық білмейтін болып шықты. Енді абыржып, бейшара болып тұрғандары мынау. Көпшілігі өкініп жатыр», – деп жазады мақала авторы Евгения Доцук.

Мақала авторы сонымен қатар, бір топтың комсоргы Сұлтанмұратовтың оқудан шығарылғалы жатқан студенттерді қолдап сөйлегенін түйрей кетеді. «Бұл комсоргтың студенттерді саяси-идеялық тұрғыдан тәрбиелеу мәселелерінен мақұрым екендігіне таңқалмасқа шара жоқ. Осындай адамды қандай еңбегі үшін комсомол жетекшісі етіп сайлаған?» – дейді Евгения Доцук.



Желтоқсан оқиғасы белсенділері Е.Көпесбаев, Т. Тәшенов, Қ.Рысқұлбеков, Қ.Күзембаев сот залында. Алматы, 16 маусым 1987 жыл. (Юрий Беккердің суреті)

«ҚазТАГ» агенттігінің репортерлері де 1986 жылы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға шығарылған сот үкімдерін осындай сарында баяндайды. «Қоғамға қарсы әрекеттер жасаған, азаматтық жауапсыздық пен саяси тайыздық көрсеткен жастар жауапқа тартылып жатыр» деген хабарларды бүкіл елге құшырлана таратты.

1987 жылы 8 қаңтарда «Ленинская смена» газеті көшіріп басқан «Әділ жазасын алды» («Наказана по справедливости») деп аталатын ақпаратта Қазақ ССР Жоғарғы сотының мүшесі Р.Оспанованың басқаруымен өткен Жоғарғы соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы Алматыдағы №19 жұмысшы жастар мектебінің мұғалімі Жансая Сәбитованы бес жылға соттап, жалпы режимдегі колонияға қамау және жазасын өтегеннен кейін бес жыл бойы педагогикалық қызметпен шұғылдану құқынан айыру жөнінде үкім шығарғаны хабарланады.

Хабарлама авторы Жансая Сәбитова «арандатушылық мазмұндағы плакаттар мен үгіт қағаздарын әзірледі, сол арқылы жастарды тәртіпсіздікке шақырып, ұлт аралық өшпенділік отын тұтатпақ болды» деп жазды.

«ҚазТАГ» агенттігінің репортері тағы бір сотталушыға мұнан да қаттырақ шүйлігеді: «КазГУ-дің физика факультетінің бірінші курсының комсомол бюросының бұрынғы хатшысы Қ.Рахметов өзінің саяси өресіздігі мен жанжалқұмар бұзақылығын қызыл сөзді көпіртіп білдірмей жүріпті. Оның шынайы моральдық бет-бейнесі Алматыдағы тәртіпсіздік кезінде ашылып қалды».

«Оны жеті жылға кесіп, күшейтілген режимдегі еңбекпен түзеу колониясына қамау жөнінде сот үкімі шықты» деп хабарлайды «ҚазТАГ» агенттігі 1987 жылы 11 қаңтарда «Ленинская смена» газеті көшіріп жариялаған ақпаратта.

Азаттық радиосы Құрманғазы Рахметовтың ісі 1989 жылы қаралып, 1993 жылы ақталғанын, ал 2000 жылы оған тартқан материалдық шығыны мен моральдық зардабы үшін өтемақы төленгенін жазған болатын



**Желтоқсан
оқиғасына қатысқан
Құрманғазы
Рахметов. Астана,
қазан, 2008 жыл.**

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына соң бірнеше жыл өтсе де, ол туралы ашық айтуға рұқсат етілмеді. Бірақ сонымен бірге «ұлтшылдарды» іздестіру де тоқтаған жоқ. Бұқаралық ақпарат құралдары - Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің алдындағы алаңда наразылықтарын білдірген жастарға қысым көрсеткен советтік үгіт-насихаттың басты қаруына айналды.

«Ленинская смена» газетінің 1987 жылғы 14 қаңтарындағы нөмірінен алынып, «Комсомольская правда» газетінде жарық көрген «Ащы сабақ» («Горький урок») деген мақалада былай дейді:

«Республикада жүзден астам ұлттар мен халықтар тұратынына қарамастан Қазақстан астанасындағы жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқитын студенттердің басым көпшілігі байырғы ұлт өкілдері екендігіне назар аударылмады. Студенттердің жатақханаларда ұлттық белгілеріне орай орналасуына ұсақ-түйек нәрседей қарады».

Мақаланың соңына А.Лапин деп қол қойған тілші Қазақ мемлекеттік университеті заң факультетінің комсомол қатарынан шығарылған студенттерінің барлығының ісін мұқият қарап шықтым дейді:

«Жағдай былай екен. Біріншіден, олардың басым көпшілігі республиканың оңтүстік облыстарындағы негізінен қазақтар тұратын шағын ауылдар мен поселкелерде туып-өскен. Оның да үлкен бөлігі мектепті қазақ тілінде бітірген. Орысша нашар сөйлейді. Көпшілігі өндірісте аз ғана жұмыс істеген немесе әскерде болған

Журналист Лапин Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде де дәл осындай жағдай болып жатыр деп жазады.

Бұл мақаланың авторы «оқиға өздігінен пайда бола салмаған» деп қорыта келе ҚазМУ-дің заң факультетінің студенті Ескендір Ғайыповтың айтқан сөздерін көлденең тартады:

«17 желтоқсанның түнінде біз университеттің студенттер қалашығында кезекшілік еттік. Сөйтіп тұрғанда курстасымыз жүгіріп келді де: «Ана жаққа біреулер машинамен келіп, екі жатақханаға кіріп шықты, жігіттерді ұлт мәселесін көтеріп, алаңға шығуға шақырып жатыр» деді. Расында, қарасақ бір ақ «Волга» тұр екен. Нөмірі - жекеменшік, ішінен түскен адамдар жатақханаға қарай беттеп барады. Бірақ біздің жеңіміздегі кезекшілік белгіні көрісімен дереу кері бұрылды да, көліктеріне мініп кетіп қалды».

Лапин Қазақ ССР-інің сол кездегі прокуроры Ғалым Елемесовтің: «Қазір жалақорлар мен өсекшілер «милиция қатыгездік жасады» деп әртүрлі әңгіме таратып жүр. Бірақ бұған бір нәрсені ғана айта кетейін: дәл сол қиын күндері құқық қорғау органдарының қызметкерлері бар мүмкіндіктерінше ұстамдылық танытты» деген сөзін келтіреді.

Мақала авторы алаңға жиналғандардың алдына Қазақстан комсомолы орталық комитетінің хатшысы Бірғаным Әйтимова шығып сөйлегенін, Жүнісбек Сұлтанмұратов, Мәди Нүсіпбаев, Нұрсейіт Бесбаев, Әділ Ыбыраев тәрізді тағы да басқа комсомол қызметкерлері алаңға жиналған топ ішіне барып, тікелей жұмыс істегенін айтады.




Милиционер Желтоқсан оқиғасына қатысқан жігітті
әкетіп барады. Алматы, желтоқсан, 1986 жыл

КОЛБИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРЫ

Ол кезеңнің баспасөзі түрлі шығармашылық ұжымдардың 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысы бар отырыстары туралы ақпараттарға да толы. 1987 жылы 3 қаңтарда «Ленинская смена» газетінде жарияланған «ҚазТАГ» агенттігінің «Жазушылардың үндеуі» хабарламасында жазушылардың Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Колбинмен кездесуі туралы сөз болады.

«Жазушылар одағы басқармасының бірінші хатшысы О.О.Сүлейменов, сондай-ақ жазушылар Ж.Молдағалиев, Х.Ерғалиев, И.Щеголихин, Т.Ахтанов, Б. Момышұлы Қазақстанның көптілді әдебиетінде бұрыннан келе жатқан патриоттық және интернационалдық дәстүрлер мен оның бауырлас республикалар әдебиетімен тұрақты да тығыз байланыстары туралы айтып берді», – дейді хабарлама.

Осы хабарламада тағы да былай делініпті: «Кездесу кезінде республика жазушылары мен мәдениет қайраткерлері ұлтшыл элементтердің арандатуымен таяуда Алматыда болған уақиғадан дұрыс қорытынды жасайтындықтарын атап өтті. Олар өз шығармашылығы арқылы патриоттық және интернационалдық тәрбиені күшейтуге, халықтар достығы мен бауырластығы идеясын жүзеге асыруға атсалысатын болды».



Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің
бірінші хатшысы Геннадий Колбин. (1986 жылғы
газеттегі суреттің фотокөшірмесі)

Назарларыңызға рахмет!!!

